

## Жарсай ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жарсай ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 4 шілдедегі № 5 шешімі. Ақтөбе облысы Қобда аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 1 тамызда № 3-7-112 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің атауы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жарсай ауылдық округі әкімінің 12.12.2014 № 8 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Деректемелерінде орыс тілінде "селолық" сөзі "ауылдық" сөзімен ауыстырылды, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жарсай ауылдық округі әкімінің 03.03.2017 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Жарсай ауылдық округі тұрғындары конференциясының 2011 жылғы 25 мамырдағы № 1 хаттамасы негізінде, Қобда ауданының Жарсай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жарсай ауылдық округі әкімінің 03.03.2017 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жарсай ауылының төмендегі көшелеріне атау берілсін:

- 1) Михаил Калинин көшесі;
- 2) Виктор Пацаев көшесі;
- 3) Имангалий Білтабанов көшесі;
- 4) Әлия Молдағұлова көшесі;
- 5) Яков Работягов көшесі;

2. Ақсай ауылының төмендегі көшелеріне атау берілсін:

- 1) Абай Құнанбаев көшесі;
- 2) Астана көшесі;

3. Қарағанды ауылының төмендегі көшелеріне атау берілсін:

- 1) Шоқан Уәлиханов көшесі;
- 2) Желтоқсан көшесі;

4. Жарсай ауылының келесі көшелерінің атауы өзгертілсін:

1) 70 лет Октября көшесі - Тәуелсіздік көшесі;

2) Комсомольская көшесі - Достық көшесі;

3) Студенческая көшесі - Студенттер көшесі

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округі әкімі*

*Р.Байгельдинова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК